

Ордабекова Х.А.¹, Күркебаев К.Қ.²,

¹Сулейман Демирел атындағы университетінің доценті, ф. ф. к.,

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф. ф. к.,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: hafiza_1975@mail.ru, kurkebaevk@gmail.com

ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТІЛДІК САНАДАҒЫ «ҚАСҚЫР» ЛЕКСЕМАСЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Мақалада қазақ халқының дәстүрлі тілдік санасындағы «қасқыр» лексемасымен байланысты лексика-фразеологиялық қорғакешенді контекст аясында тілдік талдау жүргізіледі. Қазақ халқының тілдік санасында қасқыр «қайсарлық пен батырлықтың» символы ретінде танылады. Қасқыр зоонимы қазақ халқының дүниетанымында қайсар, тапқыр, азулы, отбасына берік, қамқоршы, жол көрсетуші, текті жануар ретінде таңбаланады. Қазақ халқы үшін «қасқыр» лексемасының мәдени феномен ретінде қабылдануын аңыз-әңгімелер, ертегілер, этнолингвистикалық арналар, яғни тілдің лексикалық қоры арқылы дәйектеледі. «Қасқыр» лексемасының қазақ халқының когнитивтік санасында жалпыхалықтық лексикадан берік орын алуы, осы лексема негізінде жасалған бірнеше қарапайым және ғылыми ұғым атауларының қалыптасқандығына тілдік талдаулар жүргізіледі. Қазақ халқының санасында қасқыр туралы қалыптасқан аялық білім жүйесі қоғамдық қатынастардың дамуы барысында өзге тілдік ерекшеліктермен толығы түседі. Мақала аясында қазіргі қазақ жастарының тілдік санасында қасқыр туралы аялық білім жүйесі қаншалықты деңгейде екенін анықтау үшін ассоциативті эксперимент жүргізілді.

Түйін сөздер: лексема, сема, сөздің семантикалық құрылымы, фразеологиялық мағына, тілдік сана, ассоциативті эксперимент.

Ordabekova H.A.¹, Kurkebaev K.K.²

¹Candidate of Philological Sciences, A/Professor of the Suleyman Demirel University,

²Candidate of Philological Sciences, A/Professor of Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: hafiza_1975@mail.ru, kurkebaevk@gmail.com

Lingvo-culturological description of the lexeme «kaskyr» / «wolf» in traditional and modern consciousness

This article analyzes the lexeme «kaskyr», and its lexico-phraseological expression in the context of Kazakh linguistic consciousness. In the linguistic consciousness of the Kazakh people, the wolf serves as a symbol of masculinity and heroism. Also, this zoonym in the worldview of the Kazakh people associates with courage, ingenuity, loyalty, and care. The Kazakh people's perception of the lexeme «kaskyr» as a cultural phenomenon is reflected in legends, tales, ethno-linguistic sources. In the Kazakh people's consciousness, background knowledge about the wolf is expanded by other meanings during the development of social relations. The article also conducted an associative experiment, the purpose of which was to determine background knowledge about the wolf among modern Kazakh youth.

Key words: lexeme, seme, semantic structure of a word, phraseological meaning, linguistic consciousness, associative experiment.

Ордабекова Х.А.¹, Күркебаев К.Қ.²,

¹к. ф. н. доцент Университета им. Сулеймана Демиреля,

²к. ф. н. доцент Казахского национального университета им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: hafiza_1975@mail.ru, kurkebaevk@gmail.com

**Лингвокультурологическое описание лексемы «қасқыр» / «волк»
в традиционном и современном сознании**

В данной статье анализируется лексема «қасқыр», его лексико-фразеологическое выражение в контексте казахского языкового сознания. В языковом сознании казахского народа волк служит символом мужественности и героизма. Также этот зооним в мировоззрении казахского народа ассоциируется с храбростью, находчивостью, преданностью, заботливостью. Восприятие казахским народом лексемы «қасқыр» как культурного феномена отражено в легендах, сказках, этнолингвистических источниках. В сознании казахского народа фоновое знание о волке в ходе развития общественных отношений расширяется другими смыслами. В статье также был проведен ассоциативный эксперимент, целью которого являлось определение у современной казахской молодежи фонового знания о волке.

Ключевые слова: лексема, сема, семантическая структура слова, фразеологическое значение, языковое сознание, ассоциативный эксперимент.

Кіріспе

Белгілі бір ру-тайпаның, халықтың, ұлттың өзіндік болмысы мен дүниетанымы, рухани және материалдық мәдениеті жанды тілі арқылы ғана дәйектеледі. Тілдің сапалық белгісі тек коммуникативті қасиетке ие ақпарат беруші таңбалар жүйесінен ғана тұрмайды, ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі саналады. «Концепт – тілдік ақпаратты кодтайтын (сөзге айналдыратын, таңбалайтын), сөздің ішкі мазмұнын, мәнін танытатын, оның затқа, реалийге қатысын, шындықты бейнелеуін көрсететін және сол ақпаратты келер ұрпаққа жеткізетін тілдік таңбалар жиынтығы» (Kubriakova, 1996: 143). Кез келген тілдегі концептілер жүйесі қоршаған орта туралы қалыптасқан ақпараттардың жиынтығы түрінде түзіледі, осы ақпараттар жиынтығы ғаламның тілдік бейнесін түзеді. Осы тұрғыдан алғанда, мақаланың зерттеу мақсаты – қазақ халқының дәстүрлі тілдік санасындағы «қасқыр» лексемасымен байланысты қалыптасқан лексика-фразеологиялық жүйесіне тілдік талдау жүргізу негізінде ғаламның ұлттық тілдік бейнесін сипаттау, дәстүрлі және қазіргі тілдік санадағы «қасқыр» лексемасының ассоциациялық табиғатын айқындау.

Бұл зоонимнің қазақ халқы үшін мәдени феномен ретінде қабылдануын «қасқыр» лексемасымен байланысты қалыптасқан аңыз-әңгімелер, ертегілер, этнолингвистикалық арналар, яғни тілдің лексикалық қоры арқылы дәйектей аламыз. Қазақ халқының қиял-ғажайып ертегілерінде *ақ қасқыр*, *көк бөрі* өте ақылды, үнемі батырға бағыт-бағдар беруші, сөйлеу қабілетіне ие қасиетті жануар ретінде

суреттеледі. Қазақ халқының тілдік санасында *ақ* және *көк* түсі (*ақ ниет*, *ақ көңіл*, *көк найза*, *көк бөрі*) қасиетті, киелі түс ретінде бағаланады, ал *сұр қасқыр* көбіне зорлық-зомбылық көрсетуші, үнемі аш болып жүретін, сенгіш, ақымақ, айлақулық дегенді білмейтін, керісінше сол айлақулықтың құрбанына айналатын жануар ретінде бейнеленеді. Мәселен, «*Тышқан мен қасқыр*», «*Түлкі мен қасқыр*» сынды көптеген ертегілер дәлел бола алады. Сондай-ақ, «*Ну, погоди*» мультипликациясы орыс халқының дүниетанымы негізінде түсірілгенімен, көршілес отырған екі елдің өзара саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік қарым-қатынасына буын, орта буын өкілдерінің санасында қасқырдың үнемі қоянның артынан қуып жүретіндігі, қоянға енді қолы жете бергенде қоянның қулықпен қашып кетуі оны ақымақ қылып көрсетеді. Сол сияқты «*Қызыл телпекті қыз*» атты еуропа халықтары ертегісінің желісі бойынша әжесінің үйіне орман арқылы бара жатқан қызыл телпекті қыз жолда қасқырға кез болады. Бұл ертегі орыс тіліне аударылып, оның орысша және қазақша нұсқасында *сұр қасқыр қыздың өзін де, әжесін де жей бергенде, оларды аңшылар келіп құтқарып алады. Мұнда жыртқыш аңға тән сұр қасқырдың жауыздығы, зұлымдығы* сынды қасиеттері санада берік орныққан дей аламыз.

Эксперимент

«*Қасқыр*» лексеманың семантикалық құрылымы және оның концептілік өрісі

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «қасқыр» лексемасының мынадай ұғымдық мағыналары берілген: «итке ұқсас, далалы, орманды жерлерді

мекендейтін, малға түссе, алқымынан алып қырып кететін, бағалы терісі үшін ауланатын жыртқыш аң (KATS, 2008: 428).

Берілген ұғымдық мағыналарды семалық бөліктерге бөлетін болсақ:

1 – сема: итке ұқсас аң;

2 – сема: жыртқыш аң;

3 – сема: бағалы терісі үшін ауланатын аң;

4 – сема: малға, аш болғанда адамға да шабатын аң;

5 – сема: далалы, орманды жерлерді мекендейтін аң;

6 – сема: малды алқымынан алып, қырып кететін жыртқыш аң. Осындағы әрбір семалық бөліктің өзі жекелеген этномаркерленген ұғымдардың қалыптасуына әсер еткен.

«Қасқыр» лексемасының қазақ халқының когнитивтік санасында жалпы халықтық лексикадан берік орын алуы, осы лексема негізінде жасалған бірнеше қарапайым және ғылыми ұғым атауларының қалыптасқандығын атап өткен жөн. Оған дәлел ретінде, қазақ халқы қанша жүріске салса да, бағыт алған жеріне жетіп болмайтын итжүрісті *қасқыржортақ* деп атайды (KATS, 2011: 431), ал бүлкілдеген тез жүріс, екпіндеген, сар желісті *бөрі бүлкек*, *бөкен жортақ* (KATS, 2011: 567) ретінде тілдік санада таңбалаған. Сондай-ақ, қасқыр лексемасынан туындаған күрделі терминдік атаулар: *қасқыртаңдай* (мед.) – іште жатқан ұрықтың даму кезеңінде жоғарғы жақ сүйектерімен таңдай сүйегінің бірікпеуінен пайда болатын кемістік (Ahmetov, 2005: 172). Қасқыр таңдай баланың дұрыс қоректенуіне, тыныс алуына, сөйлеуіне үлкен кедергі жасайды. *Қасқыржидек* – жапырақтары ұзынша, қандауыр тәрізді, кезектесіп орналасқан, көкпендер тұқымдасына жататын бұта. *Қасқыржем* – лалагүлдер тұқымдастарына жататын қос үйлі, көп жылдық шөптесін өсімдік. Қазақ даласында *сұңғыла* деген көп жылдық шөптесін өсімдігі өседі. Мұны қазақ халқы кейде *қасқыржем* деп те атайды, ал ғылыми атауы – *аспарагус* (Kaliev, 2012: 158). Бұл өсімдіктің тамырын *қасқыр қазып жегеніне* байланысты қазақ халқы қасқыржем атап кеткен. Шығыс медицинасында *сұңғыланың* тамырынан түрлі дәрілер жасайды. Осы өсімдіктің тамырын жеген қасқырдың қандай қайратты болатыны айтпаса да түсінікті. Ал *қасқыр жидек* атауы метафоралық тәсіл негізінде ұзынша келген жапырақтарының қандауыр тәрізді кезектесіп орналасуы мен қасқыр тістерінің бір-біріне айкасып, қармақ секілденіп тұруы негіз болған деуге болады.

Бөрі (қасқыр) – түркі халықтарының тарихи жадындағы киелі ұғым, қасқырдың жағымды атауы. Аңыз бойынша, бөрілер түркілердің ұрпағын құтқарып қалған. Бөрі *құтқарушы тотем* ретінде «Оғыз наме» жырында, «Ергенекон» дастанында, «Ақ қасқыр» атты қазақ ертегісінде көп кездеседі. Өйткені қасқырдың ортасында қалған бабамыз бөрінің сүтін еміп, күшіктерімен ойнап күн көрген. Бұдан ата-бабаларымыздың мифологиялық санасында құдіреттің деңгейіне дейін көтерілген киелі жануар екендігін байқаймыз. Мұны тіліміздегі «*иттің иесі болса, бөрінің тәңірі бар*» деген тілдік бірлік айқындай түседі.

Қазақ халқының ертеден-ақ аңшылық кәсібімен айналысқаны белгілі. Алғашқы кезеңдерде аңшылық адам баласы үшін күнкөрістің қамы болғанымен, уақыт өте келе кәсіпке айналып, шаруашылықтың бір түріне айналды. Сол себепті ауланатын аңның қыр-сырын, өзіндік ерекшеліктер мен қасиеттерін аңшылар әбден меңгеріп алған. Сонымен қатар қазақ халқының негізгі кәсібі мал шарушалығы болғандықтан, тұз тағысы саналатын қасқырдың әрбір іс-әрекетін қалт жібермей қадағалап, өзіндік ой-тұжырымдарын жасап отырған. Осыған орай мейлі қасқыры болсын, мейлі бөрі болсын өзіндік дүниетаным түсінігі бойынша көптеген аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, тұрақты тіркестер мен тұрақты тенеулер қалыптастырған.

Қазақ халқының дәстүрлі тілдік санасында «қасқыр» лексемасы табу ретінде қолданысқа түскендігін *ұлыма*, *серекқұлақ*, *ит-құс* сынды қосалқы аталымдардың болуы дәйектейді. Жалпы қасқыр тұқымдастарының құлақтарының *ұзын болып келу* белгісіне байланысты *серекқұлақ*, оның *ұлу қасиетіне* байланысты *ұлыма*, *сыртқы тұрпаты* жағынан итке ұқсас болғандықтан *ит-құс* деген атауларға ие болған. Ертедегі қазақтардың мифологиялық санасында атын тура атасақ, қасқыр келіп мал-жанымызды қырып кетеді деген түсініктен, оның атын тура атаудан қорқып, қандай да бір қосымша белгілері негізінде жанама атаулар пайда болған.

Қазақ тіліндегі қасқыр және бөрі лексемаларына берілген лексикографиялық және лексико-фразеологиялық материалдарды жинақтай келе, мынадай негізгі ұғымдық белгілерді шығаруға болады:

– *қасқыр – мықты, қайсар, батыл, ешнәрседен тайсалмайтын өжет*. Қасқырдың табиғатынан *қайсарлығы, оның ешнәрседен тайсалмайтын өжеттігі, өліспей беріспейтін қасиеті*

қазақ халқының дәстүрлі тілдік санасында *қасқыр жүрек*, *бөрі айбат*, *арлан бөрі*, *көкжал қасқыр* сынды екінші дәрежелі атауларды қалыптастырған, қасқырдың сол қайсарлығымен қатар ешкімге бағынбайтынын, тәуелсіз өмір сүргенді жақсы көретінін пайымдаған қазақ халқы «*қасқыр байлағанға көнбес, шошқа айдағанға көнбес*» деген мақал-мәтелі арқылы дәйектейді. Бұл таным тек қазақ халқына ғана емес, әлем халқына ортақ түсінік ретінде қарастыруға болады. Оның дәлелі ретінде, қасқырдан да күшті жабайы аңдар бар, бірақ қасқыр ғана циркте өнер көрсетпейді.

Ешнәрседен қаймықпайтын, қайсар, қайтпас, өрмінезді адамды қазақ халқы *қасқыр жүректі адам* деп атайды. Оны мына өлең жолдары дәйектей түседі: Баланың түсі сары, қара көзі, Рас болса, бұрынғының айтқан сөзі: *Қайтпайтын қара тастан қасқыр жүрек, Болады Баһадүрдің нағыз өзі* (Ізтілеуов, 2004). Сондай-ақ, «қорқаулардың арасында бірінші болғанша, қасқырлардың ортасында соңғы болған жақсы» деген қанатты сөз тектен-тек айтылмаса керек. *Қасқыр*, *көкжал*, *бөрі* деген атаулар қазақ халқында жігітке, ер-азаматқа мақтау ретінде айтылады. Сонымен қатар, зоометафоралық тәсіл негізінде жағымды мағынада қасқыр сөзі өз тірлігіне пысық адамдарға қарата айтылады. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде қасқыр лексемасының «ауызекі сөйлеу тілінің» көрсеткіші ретінде берілген екінші лексика-семантикалық варианты – адамның пысықтығын сипаттауда «*қасқыр адам*» (KATS, 2011: 431) сынды фразеологиялық бірлік қолданысқа түскен. Қасқыр мен адам бойындағы қасиеттерді өзара салыстырып, бейнелеп көрсетуде қазақ тілінде төмендегідей ұғымды бейнелейтін тұрақты тіркестер мен тұрақты теңеулер қалыптасқан: еркіндік; қиындық; заңсыздық; адалдық – арамдық; мейірімділік – зұлымдық; жақсылық пен жамандық, батырлық пен қорқақтық; өтірік пен шындық, қоғам және адам.

– *қасқыр – досқа адал, отбасына берік*. Қазақ халқы қасқырдың табиғатынан өз ұяласын өмірінде бір-ақ рет таңдайтынын, екінші жартысынан айырылған қасқырдың құсалықпен өлетіндігін аңғарған. Сол себепті халқымыз қасқырдың өз отбасына ешқашан сатқындық жасамайтынын, өз отбасына берік екендігін «*қасқыр да қастық қылмас жолдасына*» мақал-мәтелі арқылы пайымдайды. Қасқыр жыртқыш аңның қатарына жатқанмен, оның ішкі жан дүниесі мен сезіну түйсігі адам баласынан артық болмаса, кем түспейді екен. Сонымен

қатар топтанып тіршілік ететін қасқырлар өзара шағын ұялас тобын құрайды, осыған байланысты тіліміздегі *ұялас бөрідей* тұрақты тіркесі күш біріктірген, тобын жазбайтын деген ауыс мағынаны иеленіп, өз әулеттерімен бір жерде өмір сүретін қазақ отбасыларына қатысты айтылған. Мысалы: Бар ынтымағын Құнанбайға бағындырған жиырма ауыл дәл бір *ұялас бөрідей* еді (Әуезов, 1997).

– *қасқыр – текті жануар*, оның тектілігін дәстүрлі тілдік санада қалыптасқан «*қасқыр апанында қайырымды*» деген мақал-мәтелі дәйектейді. Өйткені қасқыр текті жыртқыш аң ғана апанына кіріп барған адамға қарсы шаппайды екен. Аңшылар оның осы әрекетін пайдаланып күшіктерін қапқа салып алып кетеді, текбір бөлтірікті ғана қалдырып, оның да тілерсегін қиып кетеді. Ана қасқыр ырылдап айбат шеккенімен бас салып қауып тастамайды. Бұл – төзімділіктің белгісі, ал төзімділік – тектіліктің бір белгісі ретінде саналады, оның бір дәлелі – қасқыр өзі апанын салған маңайдағы ауыл малдарына ешқашан тиіспейді екен.

– *қасқыр – кекшіл, әрі айлакер аң*. Қасқырлар табиғатынан тектілігімен қатар кекшілдігімен, әрі айлакерлігімен де ерекшеленеді. Егер қасқырдың күшіктерінің бірде-біреуін қалдырмай алып кететін болса, артынан аңдып жүріп сол ауылдың малы мен адамдарына тыныштық бермейді. Қазақы дүниетаным негізінде түсірілген «Көксерек» фильмінде қасқырдың бөлтірігін асырап алған Құрмаш қасқырдың шабуылынан қайтыс болады. Режиссер «бөлтірік – бала – қоршаған орта» сынды үш тірек ұғымды диалектикалық бірлікте ала отырып, кісі қолында өскен бөлтіріктің өсіп, қалыптасуында қоршаған орта ықпалының басымдылығын көрсетеді. Фильмнің негізгі идеясы адам баласының табиғат заңына ешқашан қарсы шыға алмайтыны, табиғатқа қастандық жасасаң, ол да сенің істеген іс-әрекетің қарай жауап беретіні туралы ой қозғайды. Сондықтан қазақ халқының дүниетанымында «*бөлтірік бөрілігін істемей қоймайды*», «*бөрі баласын асырағанмен ит болмас*»; «*қасқырды қанша асырап бақсаң да, орманға қарап ұлиды*», «*арлан бөрінің соқпағына бөлтірік бөрі көптігінен түспейді, бөрілік табиғатынан түседі*» мақал-мәтелдері берік орын алған.

Қой терісін жамылған қасқыр тіркесі адамның екіжүзділігін сипаттауда, қандай да бір арам ниетін жүзеге асырғысы келген адамның іс-әрекетін бағалауда қолданылады. Мысалы: Бүгінде қой терісін жамылған қасқыр сияқты

көптеген террористік ұйымдар да ислам атын жамылып, әлем жұртшылығын әбден әуресарсаңға түсірді (qazaquni.kz, 2016).

– *қасқыр* – *қатыгез, жауыз, қанішер*. Аңның өн бойындағы табиғи қасиеттері оның жауыздықтың, қанішерліктің, қатыгездіктің символы ретінде қалыптасуына ықпал еткен. Белгілі бір ұғымды жануарлар бейнесі арқылы танытуда зооморфтық метафора туындайды. Ұғым қалыптастыруда тірек метафоралар қоршаған ортаның бір үзінгінің бейнесін екінші фрагментке бекітеді. Бұл концептілеуге негіз болады. Ұғымды метафора арқылы танытуда символдық және стереотиптік қолданыстар жиі кездеседі. Мәселен, «*өз бөлтірігін өзі жеген*» деген тілдік бірлік арқылы қасқырға тән іс-әрекетті қазақ халқы өз баласын өзі өлтірген адамның әрекетімен өзара байланыстыра отырып, оның жауыздығын, қанішер екендігін бейнелеуде қолданған. Жалпы тілдік жүйеде қасқырдың жауыздығын, оның ашкөздігін таңбалайтын мынадай тұрақты тіркестер қалыптасқан: *қасқыр талаған қойдай; қой торыған бөрідей; қасқыр қамаған қойдай; қасқыр тойғанына емес, қырғанына мәз; қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан; қасқырша қарау; қасқырдай қырып-жою; қасқырша қабысу; қасқырдай басып қалу; қасқырдай мейірімі жоқ; қасқырдың ойлағаны – арамдық, қойдың ойлағаны – адалдық* (KTFS, 2007: 312).

– *қасқыр* – *ашкөз жануар*. Өзіне азық іздеп ел кезген, ауылды торып, малға да, адамға да шабуға дайын қасқырды қазақ *аш қасқыр* деп атайды. Қазақ халқы ашыққан, жан-жағына жалақтап жатқан бөріні сипаттауда *аш бөрі, бөрі құрсақтану, аш бөрідей, ашкөзденіп антаулау, қасқырдай анталау (жапа-тармағай ашқарақтана ұмтылу), қасқырша бас салу, қасқырша талау, аш қасқырдай жалақтау, қасқыр тиген қойдай* сынды тұрақты тіркестер мен тұрақты теңеулер қалыптасқан (Копигов, 2007: 128). Қасқырдың бойындағы осы *ашкөздікті, озбырлықты* метафоралық тәсіл негізінде адамның бойындағы осындай жағымсыз қасиеттерді өзара салыстырап, образды мағына туғызуда қолданады. Мысалы: Тау ішінің *аш қасқырындай бұралып*, Сарымсақтының қарағайында бір күн, бір түн бекініп жатты: ел көзіне түспеймін деп еді, аш күйінде ұйқы да көрген жоқ. Жазушы Бактығұлдың ішкі жан дүниесіндегі ыза-кекті өз бөлтіріктерінен айырылған қасқырдың іс-әрекетіне балайды (Әуезов, 1980).

– зоонимнің *бағалы терісі* үшін ауланатын аң екендігіне ескерсек, қасқыр терісінен тігілуіне байланысты метонимиялық тәсіл негізінде *қасқыр ішік, қасқыр бөрік, қасқыркөрне* атауларының қалыптасқандығы дәлел болады. Осыған байланысты тілімізде «қасқыр қарызын терісімен өтейді» деген мақал-мәтел қалыптасқан.

Ассоциативті эксперимент

Қазақ халқының санасында қасқыр туралы қалыптасқан аялық білім жүйесі қоғамдық қатынастардың дамуы барысында өзге тілдік ерекшеліктермен толыға түседі, дегенмен қазіргі қазақ жастарының тілдік санасында қасқыр туралы аялық білім жүйесі қаншалықты деңгейде екенін білу үшін ассоциативті эксперимент жүргізілген болатын. Ассоциативті экспериментке Сулейман Демирел атындағы университеттің «Екі шет тілі», «Қазақ филологиясы» мамандығының 18-20 жас аралығындағы студенттері қатысты. Еркін ассоциативті эксперимент бойынша берілген «қасқыр» сөз-стимулына екі немесе үш сөз-реакция түрінде өз ассоциацияларын жазу керек болды. Енді сол ассоциативті эксперимент нәтижелеріне назар аударсақ. *Қасқыр сөз-стимулына берілген сөз-реакциялары*: жыртқыш аң (20); күш-қайрат (мықты, қайсар, күшті, өжетті аң) (20); көк бөрі (15); әділ, адал (10); қатыгез, зұлымдық, қаныпезер (8); ұлиды (7); ұлыма, абадан, көкжал, арлан (7); қасқыр мінезді (4); қасқырды қанша бақсаң да, орманға қарап ұлиды (2); еркіндік, ешкімге бағынбайды (2); батырлық, батылдық (2); сұр (2); азулы (2); қан (2); түріктер (2); суық (2); текті аң (1); тойымсыз (1); ертегі-әңгімелер (1); бөрілі байрақ (1); кекшіл (1); қасқырша арпалысу (1); өр мінезді (1); жалғыз (1); қадалған жерінен қан алады (1); жолындағысын жайпап түседі (1); дегеніне жетпей қоймайды (1); қоян (1); ет (1); қазақ (1); қорқынышты (1); аш көз (1); табыну (1). Берілген сөз-ассоциаттар осы зоонимнің *сыртқы сапалық қасиеттерімен* (көк бөрі, сұр, ұлиды); *ішкі сапалық қасиеттерімен* (батырлық, батылдық, қатыгез, қайсар, күш-қайрат); *дерексіз ұғымдармен* (адалдық; кекшілдік, жалғыздық); *этномәдени ерекшеліктермен* (түріктер, табыну; еркіндік, қазақ, ет); *мифологиялық кейіпкерлермен* (көк бөрі); *табиғат нысандарымен* (орман), *өзге жануарлармен* (қоян) байланысы арқылы таңбалаыды.

Нәтиже мен талқы

Жүргізілген ассоциативті эксперименттің негізінде қазіргі жастардың тілдік санасында қасқыр зоонимі «жыртқыш, мықты, күшті, қайсар, еркіндікте өмір сүретін көк бөрі» деген стереотиптің қалыптасқандығын байқаймыз. Қазіргі жастардың тілдік санасында «қасқыр» лексемасына берілген ассоциаттардың бірдей болып келуі жағдаяты стереотипке айналғандығын көрсетеді, бұған 50 рецепиенттің 41-і бірдей сөз-ассоциаттармен жауап бергендігі негіз болып отыр.

Сонымен қатар қазақ жастарының қасқыр, бөрі туралы қалыптасқан тұрақты тіркестердің фразеологиялық мағынасын қаншалықты дегейде түсінетіндігін айқындау мақсатында өз ассоциацияларын жазу сұралған болатын. Айталық, «*бөрі кеуде*» тұрақты тіркесіне берілген сөз-ассоциаттары төмендегідей болды: көкірек, паң, өр кеуде, өр мінезді, өр көкірек, тәккәпарлық (8); үлкен, кең, кеудесі кең, кең кеуделі (4); батыл, батыр, мықты, рухы мықты (4); мықтылық (4); айтқанынан қайтпайтын, өз дегенінен қайтпайтын, ешкімнен тайсалмайын (3); намысшыл, намысқой (2); жүрегін түгі бар, жаужүрек (2); жалғыз жүріп жол табатын, терісін сыпырса да қыңсыламайтын жануар (1); ешнәрсе батпайтын (1); кекшіл (1). «*Бөрі кеуде*» тұрақты тіркесіне жауап бермеген рецепиенттер саны – 20.

Қазақ әдеби тілінің түсіндірмелі сөздігінде «*бөрі кеуде*» тұрақты тіркесінің «*кеудесі кең, алдыңғы екі аяғы алысқа ат*»; «*мықты, кең жауырынды адам*» деген фразеологиялық мағынасы берілген. Берілген сөз-ассоциаттарының ішінде тек төрт рецепиенттің жауабы фразеологиялық мағынамен сәйкес келсе, қалған рецепиенттердің жауабы мүлде сәйкес келмейді. Берілген жауаптардың негізінде осы тұрақты тіркестің мағынасын түсінбейтіндігін, тіркес құрамындағы *кеуде*, *көкірек* сөзімен ассоциациялай отырып «*тәккәпарлық*», *бөрі* сөзімен ассоциациялай отырып «*мықты, намысқой*» деген дерексіз ұғымдармен байланыстырып бергендерін байқаймыз. Бұдан, біз, тілдік таңба астарындағы мәдени

ақпараттың уақыт өте келе әлсіреуі мүмкін деген қорытынды жасаймыз. Оған қазіргі қазақ жастарының көркем шығарманы оқымауы нәтижесінде образды ойлаудан гөрі техникалық бағытта ойлауы әсер етіп отыр деуге болады. Сондай-ақ, «*қой баққан қасқыр*» тұрақты тіркесіне берілген сөз-ассоциаттары мынадай болды: айлакер, қу, арамза, екі жүзді (12); біреуді аңду, қойды аңду (10); қандай да бір іс-әрекеттің ыңғайын күту, тосу (3); жуас, момын (3); қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман (1); аңқау; ақымақ (4); тәжірибесі бар адам (2); өз ісінің шебері (2); өзіне сай емес іс жасау (1). Берілген тұрақты тіркеске қатысты жауап бермегендер саны – 12. Бұл тұрақты тіркестің мағынасын қазақ жастарының «*бөрі кеуде*» тұрақты тіркесіне қарағанда жақсы түсінгендігін байқаймыз. Берілген фразеологизм мағынасының дұрыс қабылдануына кішкентай кезінде оқыған ертегілері, көрген мультфильмдері мен кинолары негіз болғандығы анық байқалады.

Қорытынды

Тілдік материалдар негізінде алынған қасқыр образы туралы стереотиптер бұл зоонимді қазіргі қазақ жастарының тілдік санасында қасқыр аса азулы, жыртқыш аң; адал, текті аң ретінде таңбаланатындығын байқаймыз. Қазақ жастарының қоршаған ортаны тану және оны қабылдау, оған баға беру әрекетінде қасқыр туралы түсірілген көркем фильмдерінің жастар санасында берік орын алғандығын айта кеткен жөн. Мәселен, «Шал» фильмі – қазақ киноларының танымал туындысы. Бұл фильм Э.Хеменгуэйдің «Шал мен теңіз» хикаясы желісі бойынша түсірілген. Қазақ халқының дала заңын қасиет тұтатындығы, тіршіліктің негізі саналатын кеңпейілділік пен адалдық, ізеттілік пен жанашырлық, жеке бастың ар-ожданы осы фильмде жан-жақты ашылған. Осындай кинофильмдер арқылы қазақ жастарының санасында қасқыр зоониміне берілген сөз-ассоциаттарының ішінде *жыртқыш*, *адалдық*, *көк бөрі сөз-реакцияларының* жиілік жағынан көбірек болуы осының дәлелі.

Әдебиеттер

- Краткий словарь когнитивных терминов / Под ред. Е. С. Кубряковой. – Москва: Издательство Московского государственного университета, 1996. – 245 с.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: Арыс, 2011. – 742 б.
- Ахметов М. Медицина терминдерінің сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. –640 б.
- Қалиев Б. Өсімдік атауларының үш тілді (қазақша-ағылшынша-орысша) аударма сөздігі. – Алматы: Абылайхан атындағы ҚазХҚӨТУ, 2012.
- Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Қазақпарат, 2007. – 356 б.
- Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 480 б.

References

- Akhmetov M. Medicina termitterining sözdigi. [Dictionary of medical terminology.] Almaty: Sözdik-Slovar, 2007. B. 640. (In Kazakh)
- Kengesbaev İ. Qazaq tilining phraseologiyalyq sözdigi. [Phraseological dictionary of Kazakh language.] Almaty: Qazaqparat, 2007. B. 356.(In Kazakh)
- Kratkij slovar kognitivnyh terminov. Pod red. E. S. Kubryakovoj. [Concise dictionary of cognitive terms] Moscow: Izdatelstvo Moscovskogo gosudarstvennogo university, 1996. S 245. (In Russian)
- Qazaq aedebi tilining sözdigi. [Dictionary of Literal Kazakh language] Almaty: Arys, 2011. B. 742. (In Kazakh)
- Qaliyev B. Ösimdik ataularynyng üsh tildi (qazaqsha-ağylsynsha-orysssha) aударma sözdigi. -[Three-language (Kazakh-english-russian) dictionary of the names of plants] Almaty: Abylaikhan atyndağı QazXQATU, 2012.(In Kazakh)
- Qongyrov T. Türaqty teugeuler sözdigi. [Dictionary of set expressions] Almaty: Arys, 2007. B. 480. (In Kazakh)